**№9 «Көлтоған» жалпы орта білім беретін мектебі КММ ата-аналар жиналысының**

**Хаттама№3**

***5.05.2023ж***

**Күн тәртібінде:**

1. «Оқушылардың өмір қауіпсіздігі.» *ДТІЖО: Қ. Джорабеков*
2. «Суицидтік мінез құлықты алдын алу профилактикасы» *Психолог: А.Оразбаева*
3. Әр түрлі мәселелер

**Тыңдалды:**

***ДТІЖО: Қ.Джорабеков:***
Сәлеметсіздер ме?! Құрметті ата-аналар сіздермен кезектен тыс жиналыс өткізіп отырмыз.

1. Оқушылардың өмір қауіпсіздігі ең басты мәселе. Жазғы демалыс басталады.

Оқушылар көшеде бейсауыт жүрмесін әсіресе түнгі уақытта. Күн суытып келеді, ауа-райының шұғыл өзгеруі балалардың ұзақ уақыт далада ойнап жүріп тоңып, үсіп қалмауын қадағалаңыздар немесе ересек балаларды атқа, тайға міңгізіп мал қарауға, атқа, тайға міңгізіп жібере салмаңыздар.
Жалпы балалардың өмір қауіпсіздігі соның ішінде жоғарғы сынып оқушыларының көлік көлік жүргізбесін

2.**«Суицидтік мінез құлықты алдын алу профилактикасы»** ***Психолог: А. Оразбаева :*** Сәлеметсіздер ме?! Құрметті ата-аналар мектебіміздегі жиналысқа қош келдіңіздер! Мектепте тәртіпке бағынбайтын оқушы жоқ. Әр оқушы жеке тұлға. Өз-өзіне қол жұмсау қандай уақытта туындайды, ол көбінесе жасөспірісдер арасында орын алады. Олардың арасында баянсыз махаббат, ата-аналардың арасындағы келіспеушіліктер, отбасындағы келеңсіздіктер, баланың кемшіліктерін бетіне баса беру, жалғыздық, түсінбеушілік сияқты жағдайлар кезінде жасөспірім осындай жағдайға баруы мүмкін сондықтанда баланың жанынан табылып, көңіл күйіне көңіл бөліп, сөйлесіп, достары туралы сұрап отырсаңыздар бала ешуақытта бұндай жағдайға бармайды. Балаларыңызды андарыңызға құшақтаңыздар, сүйіңіздер,сөйлесіңіздер. Рахмет тыңдағандарыңызға.

**Қаулы:**

1. Оқушылардың өмір қауіпсіздігі жөніндегі ДТІЖО: Қ.Джорабеков балалардың өмір қауіпсіздігін сақтау ата-аналардың қадағалауы басшылыққа алынсын.

2. «Суицидтік мінез құлықты алдын алу профилактикасы» Психолог: А.Оразбаева баяндамасы қанағаттанарлық деп танылып, ата-аналармен, оқушылармен жұмыс жандандырылсын.
3. Әр түрлі мәселер бойынша жұмыстар жүйелі түрде жүріп жандандырылсын.

Жиналыс төрағасы: Б.Медетбаев
Жиналыс хатшысы: М.Оңғар
ДТІЖО: Қ.Джорабеков